



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлім жазасын жою мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

1) 10-баптың екінші бөлігіндегі «, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы» деген сөздер «немесе бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11-баптың бесінші бөлігіндегі «, өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы» деген сөздер «немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 40-баптың екінші бөлігінің 4) тармағындағы «бостандығынан айыру;» деген сөздер «бостандығынан айыру қолданылуы мүмкін.» деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармағы алып тасталсын;

4) 46-бапта:


үшінші бөліктің төртінші сөйлеміндегі «47-бабының бесінші бөлігінде,» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі «— аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде» деген сөздер «аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 47-бап алып тасталсын;

6) 56-баптың төртінші бөлігіндегі «өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздер «өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 58-баптың төртінші бөлігінің үшінші абзацындағы және 60-баптың үшінші бөлігінің үшінші сөйлеміндегі «немесе өлім жазасы», «немесе тиісінше өлім жазасы» деген сөздер алып тасталсын;



8) 71-баптың бесінші бөлігінде:

бірінші сөйлемдегі «өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздер «өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі «өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айырумен ауыстырылады, ал» деген сөздер алып тасталсын;

9) 72-баптың сегізінші бөлігінің 1) тармағы «тәртібімен» деген сөзден кейін «не өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты» деген сөздермен толықтырылсын;

10) 77-баптың бесінші бөлігінде:

бірінші сөйлемдегі «Өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «Өмір бойына бас бостандығынан айыруға» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі «өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылады, ал» деген сөздер алып тасталсын;

11) 160-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы, 163-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы, 164-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы, 168-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы, 170-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацындағы, 175-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы, 177-баптың екінші абзацындағы, 178-баптың екінші абзацындағы, 184-баптың екінші абзацындағы, 255-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацындағы, 437-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацындағы, 438-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацындағы, 439-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацындағы, 442-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацындағы, 443-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы, 444-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы, 455-баптың екінші абзацындағы «, не өлім жазасына», «не өлім жазасымен», «не өлім жазасына» деген сөздер алып тасталсын.

2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

1) 67-баптың бірінші бөлігінің 5) тармағындағы «, өмір бойына бас бостандығынан айыру не өлім жазасы» деген сөздер «немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 69-баптың екінші бөлігіндегі «өлім жазасы немесе өмір бойына» деген сөздер «өмір бойына» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 271-баптың екінші бөлігіндегі «өлім жазасы немесе» деген сөздер алып тасталсын;

4) 402-баптың төртінші бөлігі алып тасталсын;

5) 485-бапта:

екінші бөліктің 2) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) адам өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан;»;

үшінші бөлік алып тасталсын;

6) 490-баптың төртінші бөлігіндегі «өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған» деген сөздер «өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 656-баптың он үшінші бөлігіндегі «Өмір бойы бас бостандығынан айыру мен айрықша жазалау шарасы – өлім жазасы» деген сөздер «Өмір бойына бас бостандығынан айыру» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне:

1) 3-баптың 5) тармақшасындағы «, сондай-ақ өлім жазасына сотталғандарды ұстауға» деген сөздер алып тасталсын;

2) 14-бапта:

бірінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі және үшінші бөліктегі «, өлім жазасына» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктегі «, қамаққа алуға немесе өлім жазасына» деген сөздер «немесе қамаққа алуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөліктегі «, өлім жазасына» деген сөздер алып тасталсын;

3) 24-баптың сегізінші бөлігі алып тасталсын;

4) 27-баптың үшінші бөлігіндегі «, өлім жазасы» деген сөздер алып тасталсын;

5) 88-баптың бесінші бөлігіндегі «, өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айырумен ауыстырылған» деген сөздер «сотталғандар, өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 89-бапта:

алтыншы бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар;»;

жетінші бөліктің 2) тармақшасы алып тасталсын;

7) 91-баптың екінші бөлігіндегі «; өлім жазасына кесілгендер – басқа санаттағы сотталғандардан» деген сөздер алып тасталсын;

8) 94-баптың екінші бөлігінің үшінші абзацындағы «өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған» деген сөздер «өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 96-баптың екінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған;»;

10) 104-баптың екінші бөлігінің 6) тармақшасындағы «немесе өлім жазасына» деген сөздер «сотталғандарды, өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 113-баптың үшінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған;»;

12) 140-баптың бірінші бөлігіндегі «өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылған» деген сөздер «өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 144-баптың бірінші және төртінші бөліктеріндегі «, сондай-ақ өздеріне қатысты өлім жазасы туралы үкім өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторийдің қолданылу уақытында күшіне енген адамдар», «, сондай-ақ өздеріне қатысты өлім жазасы туралы үкім өлім жазасын орындауға мораторий енгізілгенге дейін немесе мораторийдің қолданылатын уақытында күшіне енген адамдар» деген сөздер алып тасталсын;

14) 145-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы алып тасталсын;

15) 5-бөлім алып тасталсын.

4. «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

32-баптың 2-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацы алып тасталсын.

5. «Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші Факультативтік Хаттаманы ратификациялау туралы» 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«1989 жылғы 15 желтоқсанда Нью-Йоркте жасалған Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші Факультативтік Хаттама ратификациялансын.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті
Қ. ТОҚАЕВ**



Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 29 желтоқсан

№ 89-VII ҚРЗ